






Меншіктің экономикалық және құқықтық мазмұны



Меншік – бұл материалды игіліктерді пайдалану және шаруашылық іс-әрекет нәтижелерін иелену бойынша адамдар арасындағы қатынастар жүйесі.



- Біріншіден, меншік – барлық қоғамдық қатынастардың негізі, іргетасы. Бекітілген меншік нысандарының сипатына үлестіру, айырбастау тұтыну түрлері тәуелді.
- Екіншіден, меншіктен қоғамдағы белгіленген топтардың, топтардың жағдайы, өндірістің барлық факторларын пайдалануға олардың жету мүмкіндігі тәуелді.
- Үшіншіден, меншік – тарихи дамудың нәтижесі. Оның нысандары өндіріс тәсілдерінің өзгеруімен бірге өзгереді. Әрі осы өзгерістің қозғаушы күші ретінде өндірістік күштердің дамуы болып табылады.
- Төртіншіден, әр экономикалық жүйенің шегінде бір негізгі ерекше меншік түрі болса да, бұл оның басқа түрлерінің болуын жоққа шығармайды, бұрыңғай экономикалық жүйенің ескі түрлерімен бірге, жаңа жүйеге көшудің жаңа өзіне тән өскіндерінің де. Барлық меншік нысандарының өрілуі мен өзара әрекеттестігі қоғамның барлық даму барысына оң әсер етеді.



□ Бесіншіден, меншіктің бір нысанынан басқаларға көшуі өміршеңдік үшін бәсекелестік күрес негізінде даму жолымен жүреді. Сонымен бірге меншік нысандарын (түрлерін) ауыстырудың батыл жолдары да болады және ол жаңа нысандар өз үстемдігін күштеп бекіткенде іске асады. Әр түрлі өркениет өкілдерінің табиғатына, қоғамның дамуындағы оның рөліне өз пікірлерін білдірген Ежелгі грек әлемінің (идеалдары) мұраттары негізінде Платон мінсіз мемлекет туралы ілімді негіздеді. Ондағы барлық азаматтар өндіріс жағдайларына бірлесіп иелік жасайды. Жалпы меншік үстемдігінің дәлелдері адамгершілік туралы ілімнің негізінде тұжырымдалған. Адамгершілік бірліктің, руханияттың сезінуі, ол жалпыға бірдей: бірлікте іс-қимыл жасау – адамгершілікке жатады. Жеке меншік өз мүддесін жалпы мүддеден жоғары ұстайды, әр адам өзі үшін ғана ие болғысы келеді.

- ❖ **Меншік субъектісі** (меншік иесі) – меншік объектісін иелену мүмкіндігі мен құқығына ие болатын меншік қатынастарының белсенді жағы (жеке тұлғалар, ұжымдар, мемлекет).
- ❖ **Меншік объектісі** – субъектіге толығымен немесе қандай да бір дәрежеде қатысты болатын табиғат заттары, энергия, ақпарат, рухани, интеллектуалды құндылықтар түріндегі меншік қатынастарының пассивті жағы.

Меншік заңдары мен иелену заңдары:

1) Өз еңбегінің өніміне меншік заңы. Оған иелену заңы сәйкес келеді. Мұнда иелену екі жақты жүзеге асырылады:

- еңбек арқылы (натуралды шаруашылық);
- өз еңбегінің өнімдерін нарықта айырбастау арқылы (қарапайым тауарлы өндіріс).

2) Өзге еңбек өніміне меншік заңы. Оған тауарлы айырбас сияқты иелену заңы сәйкес келеді. Мұнда да иелену екі жақты жүзеге асырылады:

- тауарлы айырбас арқылы;
- табыстарды бөлу арқылы.

Меншіктің экономикалық қатынастары (мазмұны)

өндіріс факторларын пайдалану бойынша адамдар арасындағы қатынастарды сипаттайтын өндірістік қатынастардың жиынтығын білдіреді. Олар өндірістің кез-келген процесі меншік нәтижелерін тұтыну, иеленумен аяқталуын білдіретінінен тұрады.

Меншіктің құқықтық қатынастары (мазмұны) –
экономикалық іс-әрекет шарттарын басқару және оның нәтижелерін пайдалану бойынша субъекті құқықтарының жиынтығы.

Меншіктің 11 құқықтары:

1. иелену құқығы – игіліктерге тікелей физикалық бақылау құқығы;
2. пайдалану құқығы – игіліктің пайдалы қасиетін өзі үшін пайдалану құқығы;
3. басқару құқығы – игіліктерді қолдануды кім және қамтамасыз етуді шешу құқығы;
4. табысқа деген құқық – игіліктерді қолдану нәтижесіне ие болу құқығы;
5. егеменділік құқығы – игіліктерді иесіздендіру, тұтыну, жою немесе өзгерту құқығы;
6. қауіпсіздік құқығы – игілікті күштеп айырудан қорғау және сыртқы орта зиянынан қорғау құқығы;
7. игіліктерді мұрагерлікке беру құқығы;

Меншік формалары (нысандары) – бұл меншік субъектісінің белгісі бойынша сипатталатын критерий.

Негізгі меншік нысандары:

- ✓ **Жалпыхалықтық**, табиғи ресурстар түрінде қоғамның барлық мүшелері үшін жалпы және бірдей қолжетімділікке ие;
- ✓ **Мемлекеттік**, ол жер қойнауының ресурстарымен, негізгі өндірістік қорлармен, айналым қорларымен көрсетілген: жалпыхалықтық меншіктің бөлігі. Қазіргі заманғы әлемде мемлекет пен жергілікті бірлестіктердің иелігінде шаруашылық объектілері, табиғи ресурстар, тарихи-мәдени құндылықтар болмаған бірде-бір ел жоқ. Меншіктің жария түрлері мынадай аяларда пайдаланылады: тура, орталықтандырылған басқаруда, қажеттілігі мол аяларда. (теміржол көлігі, пошта байланысы және т.б)
- ✓ **Ұжымдық**, кәсіпорын ұжымының билігіне белгіленген мерзімге берілген және қолданыстағы заңнамаға сәйкес пайдаланылатын жоғарыда атап айтылған меншік нысандарының бөлінбейтін бөлігі болып саналады.
- ✓ **Бірлескен-үлестік** – меншік, құндылықтар, ақша қаражаттары, бағалы қағаздар түрінде алғашқыда екі немесе бірнеше тұлғаның иелігінде болып, жалпы заңмен белгіленген ережелер мен шектеулерді сақтай отырып, өз қарауы бойынша пайдаланылатын.

- ✓ **Жеке** – ол жеке тұлғаның иелігіндегі, құқықтық нормаларды сақтай отырып пайдаланатын заттар, меншік түрінде болады.
- ✓ **Жеке меншік** – меншік қатынасы, оның барысында экономикалық тұлға, басқалардан тәуелсіз, өзі иелену мен билік атқарымдарын іске асырады, меншік иесінің барлық өкілеттілік, заң күші осы тұлғаның қолында. Жеке меншік (оның классикалық түрінде) меншік субъектілері – жеке адам, топ, отбасы. Өндіріс табысты, пайданы ұлғайтуға бағытталған. Басқару жеке дара іске асырылып, барлық өнім мен пайданы (егер ол бар болса) материалдық ресурстардың иегері иеленеді. Жеке меншік иелеріне экономикалық еркіндік пен осы ресурстарды қалай пайдалануды өздігінен шешуге мүмкіндік береді. Жеке меншік иелері қабылдаған шешімдер үшін экономикалық жауапкершілікте. Жағдай сәтті болса, барлық пайда солардікі, кері жағдайда олар барлық меншігін немесе оның бөлігін жоғалтады.

Жоғарыда аталған барлық нысандарды 2 топқа біріктіруге болады:

- 1. мемлекеттік (мемлекеттік және муниципалдық – жергілікті органдардың иелігіне берілген);
- 2. жеке (жеке еңбектік меншік; жалдамалы еңбекті қолдануға байланысты капиталистік жеке меншік; байлықты иемдену мен қоғамдық үкім элементтері бар жеке меншіктің ұжымдық нысаны).

**НАЗАР
САЛЫҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!**